

**Б.Соқпақбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінің
әлеуметтік педагогтары А. Эстемесова және Еркинбаева Г
2023-2024 оқу жылындағы атқарған
жылдық мәтіндік есебі**

Тамыз айында «Мектепке жол» қамқорлық акциясын ұйымдастыру барысында «Майқала» ауыл округінің ауыл биі Саудабаев Амангелді ағамыздың көмегімен мектебімізге демеушілер тауып, әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасыларға азық- түлік себеті және 11 отбасы балаларына көмек көрсетілді.

Әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларды (жартылай жетім, көп балалы, аз қамтылған) АӘК алатын сәтсіз отбасынан шыққан балаларды сынып жетекшілерімен бірлесе отырып анықтап, тізімін нақтыладық.

2023-2024 оқу жылында АСП алатын 31 отбасыдан 63 балаға мемлекеттен қаржылай ата- аналардың жеке есеп шоттарына ақша аударылды. 1 балаға 40 589 теңгеден берілді.

Сынып жетекшілермен бірлесе отырып, оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын зерттеу жөнінде мәліметтер жинау арқылы мемлекет тарапынан бөлінген қаржыға мектептен әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасы балаларына, яғни мектептің алқалы органдарымен келісе отырып, 40 балаға тегін бір мезгілдік ыстық тамақпен қамтылған.

Қазіргі таңда 1-4 сыныптар арасында 258 баланы тегін бір мезгілдік ыстық тамақпен қамтамасыз етілген.

Әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасыларға желтоқсан айында қатты отын (көмір 0,5) 4 отбасыға берілді.

Қамқорлық қайырымдылық акциясы 24.10.2023ж
«Мейірімділік жүректен» атты тақырыпта акция өткізілді.

Түскен қаржыға әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасыларға азық- түлік себеті берілді.

Аудан әкімінің шырша тойы 2023 жылы 26 желтоқсан күні сағат 11.00-де «Ақ дастархан» мейрамханасында «Қош келдің, Жаңа жыл» біріңғай тақырыпты аудан әкімінің қатысуымен өткізілген шыршаға жартылай жетім отбасы балалары барып өз сыйлықтарын алып қуанышқа бөленіп қайтты.

Қала әкімінің жаңа жылдық шырша тойы 2023 жылы 27 желтоқсан күні сағат 11.00-де «Азия грант» мейрамханасында өтілген шырша тойға мектептің әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасынан 4 бала қатыстырылып өз сыйлықтарын алып қайтты.

31 желтоқсан 2023 жылы көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасы балаларына демеушілер атынан Жаңа жыл мерекесімен құттықтап балаларға сыйлық таратты.

Әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен 1 отбасыға азық- түлік себеті берілді. Қасиетті рамазан айында пітір садақа жәшігіне түскен 83280 теңге қаржыны әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасыларға берілді.

1.Толық емес отбасыдан Қасымжан Муслима 4 «в» сынып оқушысына 24500 теңге қаржылай көмек.

2.Әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасы Декханов Нұрсәт 8 «Б» сынып оқушысына -24500 теңге қаржылай көмек.

3. Жалдамалы пәтерде тұратын әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасынан Дәулетбек Абылайхан 7 «А» сынып оқушысына 24500 теңге берілді.

4. Раков Ярослав 5 «В» сынып оқушысына аяқ киім және оқушыға қажетті (дәптер ручка) әперілді.

Мектепте жалпы жартылай жетім бала саны -38 отбасы -18

Көп балалы бала саны -414 отбасы -196

Аз қамтылған бала саны -14 отбасы -5

Өгей әке мен шеше қолында тұрып жатқан бала саны -10 отбасы саны -4

Әлеуметтік тұрмыс жағдайы өте төмен отбасы – 1 бала саны – 2

Қолайсыз отбасы саны – 4 бала саны -2

«1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күні» мерекесіне орай «Алтын балалық шақ» декадасын өткізу аясында өтетін «Бақытты балалық шақ» мерекелік іс-шараға мектебімізден қамқоршылықтағы балалар 4 «Б» сынып оқушысы Олжабай Аян, 2 «Ә» сынып оқушысы Олжабай Айзере, көп балалы отбасыдан 5 «А» сынып оқушысы Тәжібай Мереке, АӘК алатын отбасыдан Жексенбай Нұрасыл 3 «Ә» сынып оқушысы қатысты.

Мектебімізде «Бақытты бала» жазғы демалыста сауықтыру лагеріне көп балалы, толық емес отбасының балалары қатыстырылды. «1 маусым Балаларды қорғау» күніне орай лагерьдегі балаларға «Алихан» сауда орталығы демеушілік жасап 150 дана балмұздақ таратып балаларды қуантты.